

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Жақып – Өтірікші



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: M. Maillot, Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: M. Kerr, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.




Құдай сіздің отбасыңызға
сәби сыйлады ма?
Толқытарлық жағдай!
Ысқақ пен Рабиға екі
есе бақытты болған
шығар. Құдай оларға
егіз бала сыйлайтын
болды.

Рабиғаның ішіндегі нәрестелер тебісуші еді. Ол сиынған кезде, Құдай оған оның екі ұлы екі ұлттың басы болатынын, ал кішісі үлкенінен гөрі ұлы болатынын айтты. Әдетте тұңғыш бала ірірек болады. Ақырында нәрестелер дүниеге келді.



3

Егіздер бір-біріне ұқсамады. Есау, үлкен ұл, жүндес болатын және шебер аңшы болып ер жетті. Ал Жақыптың терісі майда болатын әрі үйде жұмыс істегенді ұнататын. Әкелері Ысқақ Есауды көбірек жақсы көрді. Ал анасы Жақыпты көбірек жақын тартатын.



4

Бір күні Есаудың қарны ашты. «Маған тамақ берші», – деді ол Жақыпқа. «Маған өзіңнің тұңғыштық жолыңды сат», – деп талап етті Жақып. Есау

Құдайдың тұңғышқа беретін

уәдесін ойлап бас қатырмады.

Ол Жақыппен келісім жасады. Енді олардың әкесі көз жұмған кезде, Жақып оның орнына отағасы болады.




5

Бір күні түнде Құдай Ысқақпен тілдесті. «Мен сенің атаң Ыбырайымның Құдайымын. Мен сенің ұрпақтарыңды жарылқаймын». Ысқақ Құдайға ғибадат етсе де, оның ұлы Есау Құдай туралы еш қам жемейтін халық – хеттіктердің екі қызына үйленді.




6

Ысқақ кәртейді. «Маған жаңа піскен еттен алып келші, – деді ол Есауға, – соны жеп, саған батамды берейін». Бұл, әкенің тұңғыш балаға беретін ерекше батасы болатын. Есау аңға шығып кетті. Бірақ Рабиға мұны естіп қойды. Ол батаны Жақыптың алғанын қалады.




7

Рабиғаның жоспары бар еді. Ол Ысқақтың сүйіп жейтін тамағын дайындап жатқан кезде, Жақып Есаудың киімін киіп, қолы мен мойнына аңның терісін жапты. Ысқақ нашар көретін. Мүмкін олар оны алдай алар.




8

Жақып Ысқаққа тамақты алып келді. «Сен Жақып сияқты сөйлейсің, – деді Ысқақ, – бірақ сенің қолдарың Есаудың қолына ұқсайды». Тамақ ішіп болған соң, Ысқақ өзінің алдында тізерлеп тұрған ұлына батасын берді.



9

Жақып кете салысымен, Ысқаққа Есау да келді. «Міне, сенің тамағың», – деді ол. Ысқақ өзін алдап кеткенін түсінді. «Мен батаны өзгерте алмаймын», – деп дауыстады ол. Есаудың жүрегі жеккөрушілікке толды. Ол Жақыпты өлтіруге бел байлады.



10

Рабиға Есаудың қоқан-лоққысын естіді. «Сенің істегеніңді аған ұмытқанша, – деді ол Жақыпқа, – нағашы ағаның үйіне бар». Ысқақ Жақыптың қалыңдықты өзіне анасының отбасынан іздеп табуға тиісті екенімен келісті. Сонымен Жақып үйінен аттанып кетті.



11


Сол күні түнде Жақып тасты басына жастап, ұйықтау үшін тоқтаған. Мүмкін ол жалғызсыраған шығар, мүмкін қорыққан болар. Бірақ ол жалғыз емес еді. Оның түнде көрген ғажап түсінде Құдай онымен сөйлесті.



12

«МЕН – СЕНІҢ ӘКЕЛЕРІҢ ЫБЫРАЙЫМ МЕН ЫСҚАҚТЫҢ ҚҰДАЙЫМЫН. МЕН СЕНІМЕН БІРГЕМІН. МЕН САҒАН ОСЫ ЖЕРДІ БЕРЕМ. СЕНІҢ ОТБАСЫҢ АРҚЫЛЫ ЖЕР БЕТІНДЕГІ БАРЛЫҚ ОТБАСЫЛАР ЖАРЫЛҚАНАДЫ».

Құдай сөйлегеннен кейін, Жақып оянып кетті. Ол қорықты.



13

Жақыптың нағашы ағасы Лабан оны құшақ жайып қарсы алды. Жақып өзінің туысқан қарындасы Рахиланы сүйді, сондықтан оған үйлену үшін Лабанға жеті жыл қызмет етті.



Бірақ алғашқы неке түнінде Лабан Жақыпты алдап кетті.


14

«Бұл –Рахила емес, Лия ғой, –деп шағымданды Жақып. –Сен мені алдадың». «Алдымен әпкесі күйеуге шығу керек, –деді Лабан. –Енді Рахилаға үйлен де, маған тағы жеті жыл қызмет ет». Жақып келісті. Бәлкім ол өзінің Ысқақ пен Есауға қатысты өтірігін есіне алған шығар.




15

Жақыптың он бір ұлы болды. Жылдар өтіп жатты, сөйтіп ол өзінің отбасын Қанаханға алып кетуге ойлайды. Онда оның ата-анасы бар еді. Сонымен қатар онда өзін өлтіруге ант берген Есау да бар болатын. Бұл қауіпсіз болар ма екен? Бір күні Құдай оған қайтып оралуды бұйырды. Жақып үйіне аттану үшін өзінің отбасы мен отарын жинады.



16

Бұл қандай сапар десеңші! Есау Жақыптың алдынан төрт жүз адамымен шықты! Бірақ ол Жақыпқа еш зиян тигізбеді. Ол Жақыптың алдынан жүгіріп шығып, оны қатты құшақтады. Есау мен Жақып қайтадан дос болып, Жақып үйіне



аман-есен қайтып оралды.

17

Жақып – Өтірікші

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Жаратылыстың басталуы 25-33

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20

Соңы

6



60

19